

ӘОЖ 811.512.1

З.Н.Жуынтаева, М.А.Тұрсынова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zamza_bota@mail.ru)

Көне түркі тіліндегі сөйлем мүшелері

Мақалада көне түркі тіліндегі сөйлем мүшелерінің көрінісі сөз болды. Түркі тілдеріндегі сөйлемнің құрылымдық заңдылықтарын анықтап, жекелеген түркі тілдеріндегі сөйлем құрылысының, мүшелерінің өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастық жақтарын ажырата білуде Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің маңызы зор. Осы жазбалар материалы негізінен байқалғандай, қазіргі қазақ тіліндегідей, көне түркі тілінде де сөйлем мүшелері тұрлаулы, тұрлаусыз болып бөлінгендігі, олардың сөз таптарына қатысы салыстырыла қарастырылды.

Кілт сөздер: көне түркі тілі, сөйлем мүшелері, сөйлем құрылысы, Орхон-Енисей ескерткіштері, қазіргі қазақ тілі, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше.

Тілдің басқа да салалары сияқты, синтаксистік құрылыс та заман өткен сайын бірден бірге өзгеріп, толығып, жетіліп отырады. Бірақ тілдің синтаксистік құрылымы онша өзгерімпаз құбылыс емес. Қазіргі әдеби тіліміз синтаксисіндегі сөйлем мүшелері, сөйлемнің көптеген түрлері, сөйлем мүшелерінің бір-бірімен байланысу жолдары онша көп өзгеріссіз-ақ сонау көне жазу нұсқаларында да кездеседі.

Көне түркі жазба ескерткіштері — ұрпақ қазынасы. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болған руникалық жазба ескерткіштер (V–VIII ғғ.) қазақ және өзге түркі халықтарының көне дәуірде мәдени деңгейінің өте жоғары болғандығын дәлелдейтін баға жетпес асыл қазына.

Қазіргі қазақ тіліндегі сияқты, көне түркі тілінде де сөйлем мүшелері тұрлаулы және тұрлаусыз болып бөлінген. Тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауыш жатады. Бұлар — сөйлем құрауға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын сөйлем мүшелері.

Бастауыш. Тұрлаулы мүшелердің ең басты, негізгі мүшесі — бастауыш. Бастауыштар әр түрлі сөз таптарынан жасалады. Бастауыштардың жасалу жолдарына қарағанда, олардың негізі көне түркі тілінен бастау алатындығын аңғару қиын емес.

Зат есімдерден болған бастауыштар. Атау септігіндегі зат есімдер жекеше, көпше және тәуелді тұрғада тұрып бастауыш болады. Мысалы: *Сүсі* үч бың ерміс — *Әскері* үш мың екен. *Іл* йеме іл болты — *Ел* тағы да ел болды. *Йағымыз* тегіре учук тег ерті — *Жауымыз* айнала жыртқыш құстай еді. Ескерткіште күрделі бастауыштар да кездеседі. *Түрк будун* қанын болмайын Табғачда адырылты, қанланты — *Түркі халқы* ханы болмай Табғаштан бөлінді, ханданды. *Білге Тоникуқ бен өзүм* Табғач іліне қылынтым — *Білге Тоникуқ мен өзім* Табғач елінде тәрбиелендім.

Сын есімнен болған бастауыштар. Сын есімдер заттанған кезде, бастауыш қызметін атқарады. Ондайда сын есімдердің сапалық мағынасы жойылып кетпей, әрі заттық, әрі сапалық мағынада жұмсалады. *Йуйқа* қалың болсар топлағулығ алп ерміс — *Жұқа* қалыңдаса, таптайтын алып болар. Сүнүгліг қантан келір йана елтіді? — Сүнгілі қайдан келіп айдап кетті?

Сан есімнен болған бастауыштар. Заттық мағынаға ауысып бастауыш қызметін атқаратын сөз таптарының бірі — сан есім. Сан есімнің есептік, реттік, жинақтық секілді топтары бастауыш қызметінде тұрады [1; 633]. Көне жазбаларда жинақтық сан есімдер мен есептік сан есімдер тіркесіп келіп күрделі бастауыштар жасаған. *Бу үчегү* қабысар қалтачы біз өз ічі — тасыш тутмыс тег біз —

Бұл үшеуі біріге қалса, біз өз іші-сыртымызды ұстап қана қаламыз. *Екі* үлүгі атлығ ерті — Екі бөлігі атты еді.

Есімдіктен болған бастауыштар. Көне түркі тілінде көбінесе жіктеу, өздік есімдіктері бастауыш қызметінде жиі жұмсалады. *Бен* йырдантайан тегейін — *Мен* терістіктен тиісейін. *Өзүм* қары болтым улуғ болтым — *Өзім* қартайдым, үлкен болдым.

Есімшеден болған бастауыштар. Есімше бастауыш болғанда, қимылдық сапаның үстіне заттық мағына жамап тұрады. *Йағмысы* мен едім — *Ілескені* мен едім.

Баяндауыш. Тіл фактілері оның ұзақ жасайтын тұрақты категория екендігін байқатады. Ол жазбаларда да, қазіргі тіліміздегі сияқты, сөйлемнің бастауышы бұрын, баяндауышы одан кейін келіп отырады. Оларда да, қазірдегі сияқты, анықтауыш пен толықтауыш өздерінің анықтайтын, немесе толықтайтын сөзінен негізінде, бұрын орналасып келген. Мысал: *Алтұн қанатлұғ тұлұм қара құшман (Алтын қанатты жыртықшы қара құспын)* (Енисей ескерткіштері) немесе: *Бұ кітапты оқығлы, бұ бәйтләрні мағлұм қылғылы кітапдин яхшы, газызырақ тұрор (Бұл кітапты оқушы, бұл жырларды мәлімдеуші (таратушы) кітаптан жақсырақ, ұлылырақ болар)* «Құтадғу білік». Бұл мысалдың тек лексикалық жағында болмаса, сөйлем құрылысында, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібінде қазіргі тілдегіден ешқандай өзгешеліктері жоқ. Қазіргі әдеби тіліміз синтаксисінде кездесетін жай сөйлемдердің негізгі түрлерінің бәрі дерлік ертеректегі жазу нұсқаларында да қолданылған. Бірақ құрылыстары жағынан олар барлық дәуірде емес: неғұрлым арғы заманға қарай кетсек, соғұрлым сөйлемнің аз сөзді, жабайы, ықшамды және бір-бірімен нашар ұштасқан, келте – келте қайтарылып отырылатын сөйлемдер болып келетіні байқалады. Мұндай сөйлемдердің баяндауыштары, әдетте, жақ жағынан да, шақ жағынан да бірыңғай, бір тектес, көпшілік жағдайда бір сөздің немесе бір тұлғалы сөздің қайталап айтыла беруінен болады [2].

Баяндауыш қызметінде барлық сөз таптары жұмсала береді. Дегенмен, өзінің семантикасы жағынан осы қызметке ең бейім сөздер — етістіктер. *Анча өтүнтүм — Сонша өтіндім. Ингек көлүкін Тоғлада оғуз келті — Сиыр көлігімен Тоғлада оғыз келді. Біз екі бың ертіміз — Біз екі мың едік. Баяндауыштар қазіргі тіліміздегідей жақтық, сандық жағынан қиыса байланысады. Сү басы Инел қаған — Әскер басы — Инел қаған.*

Ескерткіште көмекші етістіктер арқылы жасалған күрделі баяндауыштар да бар. Олар негізінен е-көмекшісі арқылы берілген. *Улуғы шад ерті — Ұлығы шад еді. Чугай қузын Қара құмығ олурур ертіміз — Чұғай құзын Қара құмды мекендеуші едік.*

Көне түркі тілінде есімдер мен етістіктерден құралған құрама баяндауыштар да кездеседі. Мысалы: *Артқы қырық аз күллүг қағаны йағмыыз болты — Артқы қырық аз қағаны жауымыз болды. Өзүм өк қаған қысдым — Өзімше оны қаған еттім. Е-көмекші етістігі құрама баяндауыштар жасауға да атсалысады. Бізінте екі учы сыңарча артуқ ерті — Бізден екі шеті жартыдай артық еді. Будун боғзы тоқ ерті — Халық тамағы тоқ еді.*

Баяндауыштың формалары алуан түрлі, көп болғанымен, олардың көпшілігі бір негізгі мағынаны түрліше білдіру үшін қызмет етеді. Сондықтан баяндауыштарды атқаратын қызметіне және білдіретін мағынасына қарай топтап тану керек. Іс-әрекетті, сапаны болмысқа шақ жөнінен қатысын білдіретін баяндауыштар, іс-әрекеттің қарқынын білдіретін баяндауыштар, іс-әрекетті субъектінің қалауы ретінде атайтын баяндауыштар, іс-әрекетті субъектінің бұйрығы ретінде атайтын баяндауыштар, іс-әрекетті міндеттеу, ұсыныс ретінде атайтын баяндауыштар [3]. Көне түркі тілінде де баяндауыштар осы тәрізді мағыналарды білдіре алады.

Толықтауыш. Етістіктен, есімнен болған мүшемен байланысып, істің, заттың, сапаның объектісін білдіретін толықтауыштар да кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндегі тәрізді, көне түркі тілінде де табыс септігін қажет ету, етпеуіне қарай тура және жанама толықтауыштар ұшырасады.

Ескерткіш тіліндегі табыс септікте тұрған сөздер әр уақыт тура толықтауыш болады. Өйткені тура толықтауыштар заттың қимылын білдіретін сабақты етістіктермен тығыз байланысты болып келеді [4]. Басқа түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тіліндегі тура толықтауыштар меңгерілетін сөзбен табыс септігінің ашық не жасырын тұлғасы арқылы байланысады. Мысалы: Ол *сабығ* есідіп түн удысқым келмеді — Ол *сөзді* есітіп, түн ұйқым келмеді. *Сүсін* анта өлүртім — *Әскерін* сонда өлтүрдім. Мұндағы сабығ (сөзді) және сүсін (әскерін) сөздері табыс септігінің *-ығ, -н* тұлғасында тұр. Ішін, ташын адынчығ бедіз уртуртым, *таш* тоқытдым — Іші, тысын айырықша өрнектеттім, *тасты* қойғыздым. Бу *сү* елт — Бұл *әскерді* апар. Бұл жерде *таш, сү* (тасты, әскерді) сөздерінде табыс септіктері жасырын қолданылып тұр.

Ескерткіштер тілінде барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздермен келетін жанама толықтауыштар да бар. Жанама толықтауыштар өзін меңгеретін мүшелермен біршама еркін байланыста болады.

Зат есімдер мен заттанған басқа да сөз таптары барыс септік жалғауында келіп іс-әрекеттің жанама объектісін білдірумен бірге, оның орны болатын немесе барып тірелер затын білдіруі мүмкін [1; 653]. Барыс септігінің осы тәріздес мағынасы көне түркі тілінен бастау алған деуімізге болады. Мәселен, *Табғачқа йана ічікді — Табғашқа және бағынды*. Анта етрү қағаныма өтүнтм — Содан соң қағаныма өтіндім. *Сантуң балыққа Талуї үгүзке тегүртім — Шантуң қаласына, Теңіз өзеніне жеткіздім*.

Жатыс септікті жанама толықтауыштар заттың, іс-әрекеттің орнын, статикалық жай-күйді білдіреді. *Бу йерде олтуруп — Бұл жерде отырып. Йандуқ йолта йеме өлті күк — Қайтар жолда тағы да көп өлді*.

Орхон-Енисей жазбаларында жатыс септігі барыс, шығыс септіктерінің орнында да жұмсалған. Жалпы көне түркі тілінде септіктердің бірінің орнына бірі алмасып қолданылуы септіктердің дамуындағы ерекшелік болып табылады. *Өңре қытанда беріе табғачда Қуруйа құрданта йырайа оғузда Екә-үч бың сүмүз келтечіміз бар му не? — Шығыстағы қытанға, түстіктегі табғашқа, Батыстағы құрданға, терістіктегі оғызға екі-үш мың қолмен келе аламыз ба? Түргес қағантә көрүз келті — Түргеш қағанынан хабаршы келді*.

Шығыс септікті жанама толықтауыштар қимылдың шығу орнын, мекенін білдірген. Көне жазбаларла сирек ұшырасады. *Табғач беріденйен тег — Табғаш түстіктен тиіңдер. Бен йырдантайан тегейін — Мен терістіктен тиісейін*.

Көмектес септікті жанама толықтауыштар іс-әрекеттің болып өткен жолын, орнын, іс-әрекеттің болу құралын, ортақтастықты білдірген. Бұл жалғау бірле шылауы арқылы және *-ын, -ін* қосымшалары арқылы берілген. *Бу йолын йорысар, йарамачы тідім — Бұл жолмен жүруге болмайды дедім. Алтун йысығ йолсузын астым, Ертіс үгүзүг кечігсізін кечдіміз — Алтын жерін жолсызбен астым, Ертіс өзенін кешпес ізбен кештім. Інім Күлтегін бірле қазғантым — Інім Күлтегінмен бірге қолдандым*.

Анықтауыш. Анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен немесе зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттап тұрады. Анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер, негізінен, сын есімдер болғанымен, зат есім, есімдік, сан есім, есімше, қимыл есімдер де грамматикалық тұлғалары арқылы анықтауыштық қызметте жұмсалады.

Зат есімнен болған анықтауыштар. *Алтун йысығ йолсузын асдым — Алтын қойнауынан астым*.

Зат есімдер немесе басқа заттанған сөз таптары ілік жалғауында келіп, анықтауыш қызметінде қолданылады: *Табғач қағаның ічрекі бедізчіг ыты — Табғач ханының ішкі жақтағы бедершісі келді. Біздің хан ағаларымыз — Біздің хан ағаларымыз*.

Сын есімнен болған анықтауыштар. Негізінен, сын есімнің басты қасиеті зат есімдерді сандық, сапалық жағынан анықтау болғандықтан, оның сөйлемдегі негізгі қызметі — анықтауыш болу. *Қызыл қаным төкті қара етрім йүгүрті — Қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым. Негізгі сын есімдермен қатар туынды сын есімдер де анықтауыш болады. Беріекеі будун қурыйақы йырайқы, өңрекі будун келті — Түстіктегі халық, батыстағы, терістіктегі, шығыстағы халықтар келді. Бір атлығ бармыс тийін — Бір аттық жүріс дедім. Сөйлемдердегі беріекеі, қурыйақы, йырайқы, өңрекі (түстіктегі, батыстағы, терістіктегі, шығыстағы) және атлығ (аттық) туынды сын есімдері де анықтауыш болып тұр*.

Сан есімнен болған анықтауыштар. *Йеті йүз кісіг удызығыма — Жеті жүз кісіні ерткен. Екінті күн келті — Екінші күн келді. Мұндағы йеті йүз, екінті (екінші) сан есімдері сандық, өлшеулік мағынаны білдіре отырып, анықтауыш қызметінде жұмсалған*.

Есімдіктен болған анықтауыштар. Көне жазбаларда көбінесе сілтеу есімдіктері анықтауыш қызметінде жиі қолданылған. *Ол сабығ есідіп тун удысықым келмеді — Ол сөзді есітіп, тун ұйқым келмеді. Бу сүг елт тіді — Бұл әсерді өзің баста, — деді*.

Есімшеден болған анықтауыштар. Есімшенің көне түркі тіліндегі *-дуқ, -туқ, -ығма, -ігме* тұлғалары анықтауыш ретінде көп жұмсалған [5]. *Өтүнтүк өтүнүчүмін есідү берті — Өтінген өтінішімді есітіп. Келігме беглерін будунын ітіп йығып азча будун тезміс еді — Келген бектерін, халқын жиып жатқанда, аздаған халық қашқан еді*.

Пысықтауыш. Тұрлаусыз мүшенің бірі болып табылатын пысықтауыш сөйлемде, негізінен, етістіктен болған мүшеге қатысты болып, сол мүшені мезгіл, мекен, мақсат, орындалу амалы жағынан нақтылап, пысықтап тұрады.

Ескерткіштер тілінде пысықтауыш мүше болатын сөздер — үстеулер. Сонымен қатар кейбір мезгіл, мекен мағынада айтылатын сөздер де пысықтауыш бола алады. Пысықтауыштар мағынасына қарай төмендегідей беске бөлінеді:

1. Қимыл-сын пысықтауыш.
2. Мезгіл пысықтауыш.
3. Себеп пысықтауыш.
4. Мақсат пысықтауыш.
5. Мекен пысықтауыш [6].

Қимыл-сын пысықтауыш. *Өртче қызып келті — Өртше қызып келді. Қытан өңденіен тег — Қытан шығыстан тиіңдер.*

Мезгіл пысықтауыш. *Түн қатдымыз Болчуқа таң үнтүру тегдіміз — Түн қаттық Болшыға таң ата жеттік. Ол оқ түн будунын сайу ытымыз — Сол түні халық сыйын елші жібердік.*

Себеп пысықтауыш. *Анта кісре теңрі біліг бертүк үчүн өзүм өк қаған қысдым — Содан соң тәңрі білік бергені үшін өзіміше оны қаған еттім.*

Мақсат пысықтауыш. *Түрк будун қанын болмайын табғачда адырылты, қанлаңты — Түркі халқы ханы болмай табғаштан бөлінді, ханданды.*

Мекен пысықтауыш. Мезгіл пысықтауыштары мезгіл үстеулерінен және мезгіл мәнді зат есімдерден, олардың барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде келуі арқылы жасалады. *Өңрекі ер йуғуру тегүріп ы бар бас асдымыз — Алдағы ер жоғары шығып бұталы (биік) басынан астық. Бөнің будунум анта ерүр тіміс — Менің халқым да сонда болар деді. Табғачғару Қуны сеңүнүг ыдымыс — Табғашқа қарай Құны сеңүнді жіберді.*

Көне түркі тілінде сөйлемнің бірыңғай мүшелері де кездеседі.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері — тіліміздің грамматикалық құрылысында ертеден келе жатқан синтаксистік құбылыс. Бұған көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін фактілер айқын айғақ бола алады. Мысалы, Орхон-Енисей жазуларында сөйлемнің тұрлаулы да, тұрлаусыз да мүшелері бірыңғай түрде кездеседі [7].

Кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, тіл дамуының көнерек заманында сөйлем құрамындағы сөздерді, сол сияқты жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын, қазіргі дәнекерлер, тәсілдер болмаған. Сөздер бір-бірімен көбінесе тұрған орындарына, мағыналарының жақындығына қарай қабыса байланысқан [8].

Ескерткіштер тілінде бірыңғай мүшелердің жалғаулық арқылы байланысқан түрлеріне қарағанда, жалғаулықсыз түрлері жиі кездеседі. *Сіз еліме, қунчуйма, оғланым, будунума, сізіме алтмыш йашымда адырылтым — Сізден, елімнен, ханымнан, ұлымнан, халқымнан, сізден алтыс жасымда айырылдым.* Жалғаулықтар арқылы да байланысатын түрлері ұшырасады. *Іл йеме будун йеме йоқ ертечі ерті — Ел де, халық та жойылар еді.*

1. *Бірыңғай бастауыштар.* Сөйлемде екі не одан да көп бастауыштар бірдей синтаксистік қызмет атқаруы арқылы ортақ бір баяндауышқа бірдей қатысты келіп бірыңғайлық тізбек туғызады. Олар әр түрлі сөз таптарынан жасалады.

Бірыңғай бастауышты сөздер зат есімдер болып келеді. *Қаны сүсі тірілміс — Ханы, әскері жиналды. Ілтеріс қаған Білге Тоникуқ қазқантуқ үчүн Қапаған қаған түрк есір будун йорыдуқы — Елтеріс қаған, Білге Тоникуқ қызметтері үшін Қапаған қаған түркі есір халқы жасады. Сабымын түкеті есітгіл: улаиу іні-йігүнім, оғланым, бір-екі оғушым, будуным, бірііе шад апыт беглер, йырайа — тарқат буйруқ беглер, отуз... — Сөзімді түгел есіткін: іні-жиенім, ұлым, бір-екі жақын руым, халқым, оңымдағы уәзір ұлық бектер, солымдағы тарқан бектер, отыз... [9].* Бірінші сөйлемдегі *Елтеріс қаған, білге Тоникуқ* жалқы есімдері, екінші сөйлемде *іні-йігүнім, оғланым, оғушым, будуным (іні-жиенім, ұлым, руым, халқым)* тәуелдік жалғаулы бірыңғай зат есімдер берілген.

Бірыңғай бастауыштар жалғаулықтар арқылы және жалғаулықсыз байланысады.

2. *Бірыңғай баяндауыштар.*

Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болты — Түркі халқы қырылды, алқынды, жоқ болды. Қарлуқыг өлүртіміз, алтымыз — Қарлұқты өлтірдік, жеңдік. Етістікті бірыңғай баяндауыштар қимылдың бірінен соң бірі болып жатқан мезгілдестігін білдіреді.

3. *Бірыңғай анықтауыштар*. Заттың сындық сапасын білдіретін сын есімдер заттанып бірыңғай бастауыштық қызметте жиі жұмсалады.

Едгү білге кісіг, едгү алып кісіг йортмаз ерміс — Жақсы білгіш кісіні, алып (батыр) кісіні қозғамады. Сүчиг сабын, йумчақ ағын ерүр, ырақ будунығ анча йағытур ерміс — Тәтті сөзін, жұмсақ қазынасын беріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді. Мұндағы білге (білгіш), алып (батыр), сүчиг (тәтті), йумчақ (жұмсақ), ырақ (алыс) бірыңғай анықтауыштар анықтайтын сөздерінің алдында келіп, олар мағыналық, грамматикалық белгілері жағынан ыңғайлас болып тұр. Сол сияқты ескерткіштерде бірыңғай туынды сын есімнен болған анықтауыштар да ұшырасады. Ічیره ашсыз, ташира тонсыз, йабыз, йаблақ будунта үзе олуртым — Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халыққа отырдым.

4. *Бірыңғай толықтауыштар*.

Беріе табғачығ, өңре қытанығ йырайа оғузуг өк өлүрті — Түстікте табғашты, шығыста қытанды, терістікте оғызды көптеп өлтірді. Келіме беглерін будунын ітіп йығып азча будун тезміс еді — Келген бектерін, халқын жиып жатқанда аздаған халық қашқан еді. Бұл жерде бірыңғай тура толықтауыштар жалғаулықсыз байланысқан. Он оқ оғлыңа, татыңа тегі буны көрү білің, беңгү таи тоқытдым — Он оқ оғлыңа, татыңа дейін бұны көре білің, мәңгі тас тоқыттым (қалаттым). Сөйлемдегі оғлыңа (ұлыңа), татыңа (туыстық атау) жанама толықтауыштары да өзара жалғаулықсыз айтылып тұр. Бұлардың жалғаулықты түрлері көп кездеспейді.

5. *Бірыңғай пысықтауыштар*.

Қапаған қаған ...түн удыматы күнтуз олурматы — Қапаған қаған үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Ілгерү күн тоғсыққа, біргерү күн ортусығару, қуырғару күн батсықыға, йырғару күн ортусыңару — анча ічрекі будун қоп маңа көрүр, анча будун қоп ітдім — Ілгері күн шығыста оң жақта күн ортасында, кейін күн батыста, сол жақта күн ортасында — соның ішінде халықтың көбі маған бағынды, халықты сонша көп еттім. Мысалдардан бірыңғай пысықтауыштарды байқаймыз.

Көне түркі тіліндегі сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерінің жасалу жолдары, олардың сөз таптарына қатысы қазіргі қазақ тілінен алшақтамайды. Бұдан қазіргі қазақ тілі мен көне түркі тілінің синтаксистік құрылымының дамуында сабақтастық бар деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ грамматикасы. — Астана, 2002. — 784 б.
- 2 Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселесі. — Алматы: Ғылым, 1964. — 20-б.
- 3 Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2003. — 124–245-б.
- 4 Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 145-б.
- 5 Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы, 1976. — 85-б.
- 6 Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы: Мектеп, 1986. — 115-б.
- 7 Шаяхметова М.Х. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері. — Алматы, 1980. — 4-б.
- 8 Құрышжанов Ә., Томанов М. Орхон-Енисей ескерткішінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. — Алматы, 1964. — 104-б.
- 9 Айдаров Ф. Тоникүк ескерткішінің тілі (VIII ғ.). — Алматы: Қазақстан, 2000. — 105-б.

З.Н.Жуынтаева, М.А.Турсунова

Члены предложения в древнетюркском языке

В статье рассмотрены члены предложения в древнетюркском языке. Авторами на материале Орхон-Енисейских письменных памятников определены закономерности структуры предложения в тюркских языках, особенности и отличия структуры предложения и членов предложения в отдельных тюркских языках. На анализе языковых фактов доказано, что в древнетюркском языке так же как и в современном казахском языке, члены предложения делятся на главные и второстепенные. Кроме того, охарактеризовано отношение членов предложения к частям речи в сравнительно-историческом аспекте.

Z.N.Zhuyntayeva, M.A.Tursunova

Sentence parts in classic Turkic language

In article sentence parts in drevnetyurksky language are considered. Authors on a material of Orkhono-Eniseysky written monuments define regularities of a sentence structure in Turkic languages, features and differences of a sentence structure and sentence parts in separate Turkic languages. On the analysis of the language facts prove that in in drevnetyurksky language as well as in modern Kazakh language, sentence parts share on main and minor, characterize the relation of sentence parts to parts of speech in comparative-historical aspect.

References

- 1 *Kazakh grammar*, Astana, 2002, 784 p.
- 2 Kordabayev T. *Questions of historical syntax*, Almaty: Gylm, 1964, p. 20.
- 3 Amir R., Amirova Zh. *Sintaksis of a simple sentence*, Almaty: Publ. House of the Kazakh university, 2003, p. 124–245.
- 4 Aydarov G. *Pamyatnik Kultegin*, Almaty: Ana tili, 1995, p. 145.
- 5 Esenkulov A. *Yazyk of ancient Turkic written monuments*, Almaty, 1976, p. 85.
- 6 Aydarov G. *Yazyk of ancient Turkic written monuments*, Almaty: Mektep, 1986, p. 115.
- 7 Shayakhmetova M.Kh. *Homogeneous parts of the sentence in modern Kazakh language*, Almaty, 1980, p. 4.
- 8 Kuryshzhanov A., Tomanov M. *Grammatical sketches and history of research of the Orkhon-Yenisei monuments*, Almaty, 1964, p. 104.
- 9 Aydarov G. *Yazyk of a monument Tonikuk (VIII century)*, Almaty: Kazakhstan, 2000, p. 105.

ӨОЖ 81'

Ә.О.Ыбырайым

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті (E-mail: jandossmagulov@mail.ru)

Тіл дыбыстарының стилистикалық қызметі

Мақалада функционалды стильдер мен сөйлеу формаларының ұқсастықтары мен ерекшеліктері қарастырылды. Автор тіл дыбыстарының стилистикалық ресурстарын қарастыруды үш бағытта қарап, дыбыстық қайталамалардың ассонанс, аллитерация, дыбыстық анафора, ұйқас, ырғақ, консонанс, ішкі ұйқас сияқты бірнеше түрлеріне ғылыми талдау жасаған. Зерттеуде мәтінде ұқсас дыбыстардың бірдей позицияда қайталанып берілуі, олардың семантизациялануы болатыны оның фоностилистикада паронимиялық аттракцияның дауыссыз дыбыстардың позициялық қайталануы екені дәлелденген.

Кілт сөздер: тіл дыбыстары, стиль, функционалды стиль, стилистикалық ресурс, стилистикалық қызмет, сөйлеу формалары, ауызша, жазбаша формалар.

Функционалды стильдерді жіктеу сөйлеудің ауызша және жазбаша формаларымен тығыз байланысты. Функционалды стильдер мен сөйлеу формалары — бір-бірімен тығыз байланысты, ұштасып жатқан, алайда әр түрлі ұғымдар. Расында да, функционалды стильдер мен сөйлеу формалары арасында жақын ұқсастықтар бар: бірінші, екеуі де қатынас саласына тәуелді болғандықтан, стилистикалық категориялар болып табылады; екінші, стильдер мен сөйлеу формалары араласып жатады: стильдің басым бөлігі жазбаша формада берілсе, ауызекі сөйлеу стилі — ауызша формада беріледі. Алайда функционалды стильдер мен сөйлеу формалары басқа да әр түрлі негіздерге сүйеніп айқындалады: ең алдымен, ол қоғамдық қызметтің түрі мен таным формасы, содан кейін, сөйлеу актісінің жағдайы.

Сөйлеудің ауызша формасы жазбаша формасынан екі негізгі өлшеммен ажыратылады. Бірінші ерекшелік — қатынастың материалдық құралдарында. Ауызша сөйлеу — үнді, айтылатын сөйлеу, ол дыбыстар арқылы жүзеге асырылады; жазбаша сөйлеу — жазылатын, ғаріппен бекітілген форма, ол әріптер арқылы беріледі. Ауызша сөйлеуде интонация ерекше мәнге ие болады, сөйлем мағынасының